

ПЕДАГОГТАРҒА БЕРІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР**Рашетов Абильмансур Саматулы**muxametnur@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Заң факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Халыққа білім беру жүйесін қазіргі кезеңде қайта құру бүкіл қоғамның дағдарысты жағдайынан туындайтыны еліміздің қоғамдық-экономикалық өміріне нарықтық қатынастырдың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақ тәрбиесінің проблемаларын жаңаша ойластыруды талап етеді.

Университет түлектеріне әлемдік деңгейде, өркениетті негізде білім-тәрбие беру дүниежүздік кеңістікте зор мәні бар проблемаға айналып отыр. Осы проблемаға байланысты еліміздің даму стратегиясына сай жас ұрпақтың рухани байлығын одан әрі жетілдіру әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде.

Мемлекеттің стратегиялық қызығушылықтар тәрбие жұмысының жалпы принциптерін жасап шығаруды, мемлекеттің тәрбие үрдісі мен жастар саясатының барлық аспектілеріне әсер беруіне арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Назарбаев толық тұжырымдағандай қазіргі кезде білім және тәрбие саясаты Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып жүргізуде қалыптасқан, сондықтан, тұлға еуразиялық мәдениет пен еуразиялық ынтымақтастықта дамиды. Тәрбиенің жалпы адамзаттық бастауы кейбір ағартушылық бағдарлама мен идеология шеңберінде іске асырылуы міндет. Ал қазіргі тәрбиенің мақсаты мен нәтижесі бойына өз халқының мәдениетін сіңірген, басқа халықтардың мәдениетін бағалайтын, өмірінің барысында түрлі іс-әрекетті өз басымен ұйымдастыруға қабілетті адам. Қазіргі кездегі саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығы мен шиеленесуі, тұрмыстағы күйзеліс, адамгершілік құндылықтардың кемуі, білімге, адал еңбекке деген ұмтылудың азаюы, еңбек етуге мүмкіншіліктің жоқтығы, жеке адамның, қоғамның, ұлттық және мәдени дәстүрлерден өзін шектеу жас ұрпаққа теріс ықпалын тигізуде.

Білім беру Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының маңызды басымдықтарының бірі. Білім беру реформаларының жалпы мақсаты – жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға осы жүйені бейімдеу. 2011 жылы қабылданған Мемлекеттік бағдарлама Қазақстандық білім беруді жаңғыртуды жалғастыруда.

Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ол республикадағы жетілдірілген жаңа білім беру ортасын қалыптастырудың концептуалдық идеясына сәйкес құрылған. Білім беру қызметі іштей жүйелендіріліп, оның барлық аспектілері құрылымға бағындырылған, қисындық сабақтастыққа сәйкес заңның мазмұнынан көрініс тапқан. Заң «білім беру жүйесі» ұғымы мен оны құрайтын білім беру деңгейлерінің анықтамасынан басталады. Одан әрі әр түрлі деңгейдегі оқу бағдарламалары арқылы білім берудің мазмұны ашылады. Келесі кезекте білім беруді ұйымдастыру, білім алушыларға қойылатын талаптар, қабылдау ережелері, оқу түрлері, білім берудің оқу, тәрбие, ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыс сияқты түрлі бағыттары сипатталады. Сондай-ақ білім беру деңгейлері мен оларға сәйкес келетін білім беру ұйымдарының түрлеріне сипаттама беріледі. Білім беру қызметінің субъектілері, олардың құзыреттері, құқықтары, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналары, басқа да заңды өкілдерінің міндеттері мен жауапкершіліктері жеке тарауға бөлініп берілген.

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезеңдері

Қазіргі заманауи жағдайларда стратегиялық ресурс адами капитал болып табылатын еңбек өнімділігі экономикалық гүлдену мен бәсекеге қабілеттіліктің ұзақ мерзімді негізіне айналуы тиіс.

Сауатты адамдарсыз заманауи инфрақұрылымды дамыту, тиімді мемлекеттік аппаратты құру, қолайлы бизнес климатты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Саяси ерік пен мемлекеттің жан-жақты қолдауының болуы осы реформаларды жүргізу негізі болып табылады.

Бағдарлама екі кезеңде іске асырылады: 2011 – 2015 жылдар мен 2016-2020 жылдар. Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде (2011 – 2015 жылдар) жекелеген бағыттар бойынша білім беруді дамытудың модельдерін әзірлеумен, оларды сынақтан өткізумен, сондай-ақ ауқымды қауіп құрулар мен сынақтардың басталуымен байланысты жұмыстарды жүргізу көзделген.

Екінші кезеңде (2016–2020 жылдар) құрал-жабдықтарды сатып алуды, инвестицияларды (білім берудің материалдық инфрақұрылымын жаңарту және өзге көршіғынды жұмыстар) көздейтін іс-шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Бағдарламаның білім беру жүйесін дамыту міндеттерін шешуге бағытталған іс-шараларын әдістемелік, кадрлық, ақпараттық қамтамасыз етуге басымдық беріледі, алдыңғы кезеңдерде алынған нәтижелерді енгізуге және таратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру қарастырылған.

Әрбір кезеңде жылдар бойынша Бағдарламаның іске асырылуын және бағдарламалық іс-шаралардың білім беру жүйесінің жай-күйіне әсерін сипаттайтын көрсеткіштерді өзгерту жоспарланған.

Елбасының тапсырмасымен «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы тамыз айында алдымен Үкіметте қаралып, қазір Парламент Мәжілісінің қарауында жатыр. Білім және ғылым министрлігі бізге берген ресми ақпаратында: «Осы заң жобасын әзірлеуде педагогикалық қоғамның ойы тыңдалды, нәтижесінде 18 мыңнан астам әртүрлі ұсыныс келіп түсті. Заң жобасындағы басты мәселе: педагогтың құқықтарын кеңейту, оқу жүктемесін азайту, материалдық/материалдық емес ынталандырулар, жалпы білім беру жүйесін жетілдіру шаралары. Педагогқа тән емес функцияларға тартуға, шамадан тыс есеп беруге, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке нормалар жаңа заң жобасында кейбір заңнамалық актілерге Ілеспе заңда көзделді», делінген. Бірақ заң жобасындағы педагогтың кәсіби қызметін қамтамасыз ету шарттары қарастырылған кәсіптік міндеттеріне жатпайтын жұмыс түрлеріне тарту туралы 2-тармақта: «Мыналарға: 1) педагогты оның кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) педагогтан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты ұсынуды талап етуге; 3) педагогтың кәсіби қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге; 4) педагогқа тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді», деп көрсетілген.

Осы Заң педагогтың жеке тұлға мен қоғамды дамытудағы ерекше рөлін, осы рөлге сәйкес келетін жағдайды қамтамасыз етудің маңыздылығын негізге ала отырып, кәсіптік қызметке байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және педагогтың құқықтық мәртебесін сапалы жақсартуға, оның әлеуметтік-экономикалық қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

1. Педагог қызметкерлер мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй, оның ішінде қызметтік үй және (немесе) жатақхана;

2) орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдар үшін ұзақтығы күнтізбелік 56 күн; оқу-әдістемелік қызметкерлері қамтамасыз ету, мектепке дейінгі

және қосымша білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген адамдар үшін - күнтізбелік 42 күн ақы төленетін жыл сайынғы демалыс алудың әлеуметтік кепілдіктерін иеленеді.

2. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласының педагог жұмыскерлеріне:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында педагогтік қызметті жүзеге асыратын педагог жұмыскерлердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;

2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

2-1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.

2-2. Ауылдық жерде жұмыс істейтін, жеке меншігінде малы бар білім беру саласының педагог қызметкерлеріне жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жемшөп, мал жаю және шөп шабу үшін жер учаскелері беріледі.

3. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне жыл сайын тиісті бюджет қаражаты есебінен:

1) оларға кезекті еңбек демалысын беру кезінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасымен айқындалған мөлшерде күнтізбелік жылда бір рет сауықтыруға жәрдемақы;

2) "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағын иеленушіге жұмсау бағытын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерінде мемлекеттік грант;

3) "Үздік педагог" атағын иеленушіге айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде сыйақы төленеді.

Негізгі материалдық ынталандыруға келер болсақ, оның ішінде:

Сынып жетекшілігі мен дәптерлерді тексергені үшін ақыны екі есе өсіру;

Педагогикалық шеберлігі үшін қосымша ақы төлеу;

Барлық педагогтер үшін демалыс уақытын 56 күнге дейін көбейту;

Магистр дәрежесі үшін және тәлімгер болғаны үшін қосымша ақы төлеу;

4 жылдың ішінде жалақыны 2 есе өсіру бойынша мәселе қарастырылды.

– Аталған заң нормалары мұғалімдерге келесідей мүмкіндік беретін болады: сынып жетекшілігі үшін 173 мың мұғалімнің, ал дәптерлерді тексергені үшін 165 мың мұғалімнің қосымша ақысы екі есеге көбейеді. 212 мыңнан астам қызметкердің біліктілік санаты үшін айлық жалақыдан 30-дан 50 пайызға дейінгі мөлшерде қосымша ақы алуына мүмкіндік беріледі. 7 мың қызметкердің магистр дәрежесі үшін 10 АЕК (1 АЕК = 2 525 теңге) мөлшерінде қосымша ақы алуына мүмкіндік жасалады. 18 мың қызметкердің тәлімгерлігі үшін 1 базалық лауазымдық мөлшерінде қосымша ақы алуына мүмкіндік беріледі деп күтілді. Және де 100 мыңнан астам педагог қосымша 14 күн жазғы демалыс алып, енді 56 күн демалатын болады, – деді Асхат Аймағамбетов.

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин:

– Заң жобасын әзірлеудегі негізгі идея – мұғалімдердің жүктемесін азайту, оларды өздеріне тән емес жұмыстарды орындаудан босату арқылы өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа мүмкіндік беру.

Бұған қоса, мұғалімдердің жалақысын арттыруға, еңбек демалысын көбейтуге, педагогтік шеберлік, тәлімгерлік үшін қосымша ақы төлеуге бағытталған шаралар көзделген.

Айта кету керек, бұл заң жобасы өңірлердің әкімдері бюджет мүмкіндігіне қарай мұғалімдерге материалдық көмек көрсету мәселесін өздігінен шешеуді, – деді Үкімет басшысы.

Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері еңбек саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидалармен айқындалады.

Педагогтің балаларына жергілікті атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда кезектен тыс орын береді.

Педагог Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді медициналық тексеру, емдеу-профилактикалық, санитариялық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізу арқылы іске асырылатын денсаулықты сақтауға құқылы.

Ауылдық жерде жұмыс істейтін педагогке:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагогтің мөлшерлемелерімен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;

2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері бөлінеді;

4) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімі бойынша жеке меншігінде малы барларға жемшөп, мал жаю және шөп шабу үшін жер учаскелері ұсынылады.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген педагогке жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылады.

Педагогке жыл сайын тиісті бюджеттер қаражаты есебінен:

1) оларға кезекті еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық жалақыдан кем емес мөлшерде күнтізбелік жылда бір рет сауықтыруға арналған жәрдемақы;

2) «Үздік педагог» атағын иеленушіге – айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде сыйақы;

3) «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленушіге жұмсау бағытын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерінде мемлекеттік грант төленеді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу айлық белгіленген тарифтік ставкаларға (лауазымдық жалақыларға) қарай еңбекақыны көтеру, қосымша ақы төлеу және педагогикалық жұмыстың нақты көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

2. Педагогикалық қызметкерлер арасындағы оқу жүктемесі тиісті білім беру ұйымының оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлеміне, педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуіне және өзге де нақты жағдайларына қарай бөлінеді.

2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңына (бұдан әрі — Заң) сәйкес педагогикалық оқу жүктемесін бөлу құқығы білім беру ұйымының бірінші басшысына беріледі, ол оның нақтылығы және әрбір мұғалімнің, оқытушының, тәрбиешінің және өзге де педагогикалық қызметкердің белгіленген көлемді сапалы орындауы үшін жауап береді.

Педагогикалық жұмыс көлемі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес апталық нормативтік жүктемені ескере отырып сәйкес және ұжымдық, жеке еңбек шарттармен қызметкерлердің келісімі бойынша белгіленеді.

3. Мектептерде күндізгі және сырттай оқыту нысанындағы жалпы білім беретін мектептер (сыныптар) мектеп-интернаттарында (кешкі (ауысымдық) мұғалімдерден басқа), сырттай оқытатын мектептерде, емдеу-профилактикалық ұйымдарында ұзақ уақыт жатып емделетін балалармен сабақ өткізетін мұғалімдердің және кәсіптік лицейлердің, мектептердің, колледж оқытушыларының оқу жүктемесінің көлемін белгілеу жартыжылдықтар бойынша жеке-жеке жылына бір рет жүргізіледі.

4. Күндізгі және сырттай оқыту нысанындағы жалпы білім беретін кешкі (ауысымдық) мектептерде (сыныптарда), сырттай оқытатын мектептерде, емдеу-профилактикалық ұйымдарда ұзақ уақыт жатып емделетін балалармен сабақ өткізетін мұғалімдердің оқу жүктемесі жылына екі рет бірінші және екінші оқу жартыжылдығының басында белгіленеді.

5. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлеріне айлық жалақы ставкаларының (қызметкерлердің жалақысын), жекелеген қосымша ақылардың, үстеме ақылардың мөлшерінің өзгеруі:

1) егер, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1051 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3401 тіркелген, 2005 жылғы 17 тамыздағы «Заң газетіне» № 150 (884) жарияланған) бекітілген педагогикалық қызметкерлерді Аттестаттау ережесінде басқаша көзделмесе, білім деңгейі ескеріле отырып, тиісті біліктілік санаты берілген күнінен бастап;

2) жұмыс стажының көбейген күнінен бастап;

3) құрметті атақ берілген күнінен бастап;

4) білім алған (техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі, жоғары білім) немесе білімі туралы құжатын қалпына келтірген жағдайда — тиісті құжат берілген күнінен бастап;

5) ғылыми атақ берілген жағдайда — Төралқаның немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім саласындағы бақылау комитетінің диплом беру туралы шешім шығарған күнінен бастап жүргізіледі.

6. Қызметкер жыл сайынғы еңбек ақылы, жыл сайынғы қосымша төлемді еңбек ақылы, әлеуметтік демалыста және экологиялық апат пен радиациялық қауіпті аймақтар бойынша жыл сайынғы қосымша төлемді еңбек ақылы демалыста, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыз болған кезеңде (оның ішінде жүктілігі мен тууы бойынша) болған жағдайда еңбекақы ставкасы (лауазымдық жалақысын) өзгертілгенде, жаңа тарифтік ставка (лауазымдық жалақы) есебімен еңбекақы төлеуі — демалысы немесе еңбекке уақытша жарамсыздығы аяқталған күнінен бастап жүргізіледі.

7. Білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, оқытушыларына, тәрбиешілеріне және басқа педагогикалық қызметкерлеріне айлық жалақы ставкалары (лауазымдық жалақылар) апталық нормативтік оқу жүктемесіне сәйкес төленеді және олардың астрономиялық сағат бойынша жұмсаған жұмыс уақытына қарай белгіленеді. Сабақтар (дәрістер) арасында қарастырылған қысқа үзілістер (ауысулар) мұғалімнің (оқытушының, қосымша білім беру педагогының және басқа педагогикалық қызметкердің) жұмыс уақыты болып есептеледі.

8. Нормативтік оқу жүктемесі белгіленбеген білім беру мекемелері қызметкерлерінің жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленеді.

9. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерінің жалақысын есептеу кезінде айлық жалақы қолданылады.

Педагогикалық қызметкерлердің айлық жалақысы тарифтік ставканы (лауазымдық жалақыны) олардың апталық нақты жүктемесіне көбейту және шыққан нәтижені белгіленген нормативтік апталық оқу жүктемесіне бөлу жолымен белгіленеді.

10. Жылдың әр бір айларындағы апталар мен жұмыс күндерінің санына қарамастан, тарифтеу кезінде белгіленген айлық жалақы төленеді.

Жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғын үй сертификатын басым түрде беруге жеңілдіктерді қарастыруға, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдама алу үшін жеңілдіктер белгілеуге, сондай-ақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктерді белгілеуге құқылы.

Жұмысқа алғаш қабылданған жас педагогтің жергілікті өкілді орган мен жұмыс берушілер белгілеген тәртіппен материалдық қолдауға (көтерме ақыға) құқығы бар.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының астанасында жұмыс істейтін педагогке лауазымдық жалақысына лауазымдық жалақының жиырма бес пайызынан кем емес мөлшерде коэффициент белгіленеді.

Президентіміз білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі мәселелері, жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру мәселелері - әрбір қазақстандық отбасына қатысты болуы керек екенін атап көрсетті.

Педагог қоғамның «қозғалтқышы», қоғамдық прогрестің катализаторы және үдеткіш рөлін атқарады.

Педагогтар мен дәрігерлердің қоғамдағы маңызды миссиясына қарамастан, бүгінгі таңда олардың көбінің өмір сүру сапасы мен тұрғын үй жағдайы төмен деңгейде қалып отыр немесе өз баспаналары мүлдем жоқ. Мұндай жағдайды түбегейлі өзгертуіміз қажет.

Елімізде мұғалімдердің жалпы саны 285 996 адамды, оның ішінде қалада – 114 627 адамды, ал ауылдық жерлерде – 171 369 адамды құрайды.

Жалпы республикамызда жарты миллионнан астам мұғалімдер жұмыс істейді, бұл халықтың жалпы санының 3% пайызын немесе еліміздің экономикалық белсенді халқының 6% 2018 жылдың 8 мамырында «Нұрлы жер» бағдарламасының іске асырылуын талқылау барысында Сенат депутаттары мұғалімдерді қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша жеке бағдарлама әзірлеуді ұсынды.

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы осындай бағдарламаның жобасын дайындады (қоса беріліп отыр).

Мұғалімдер мен тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу жолдарының бірі ретінде әскери қызметшілерге арналған тұрғын үй бағдарламасына ұқсас Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі іске асырып жатқан механизмді қолдану қажет деп есептейміз.

Өзіңізге мәлім, 2017 жылғы 12 желтоқсанда әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

«Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының үздіксіз жүзеге асырылып келе жатқанына биыл 10 жылға жуықтады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жақында жариялаған Жолдауында бағдарламаға бөлінетін қаражатты 20 млрд теңгеге ұлғайтуды тапсырды. Оның бірден-бір себебін ауылдық мектептерде педагог кадрлардың жетіспеушілігімен байланыстырды. Ауылға аттанған жас мамандардың міндетті үш жылдық еңбек өтілін өтеп болған соң, қалаға қайтып кететіні жасырын емес.

Бағдарламаның игілігін көргендердің басым бөлігі – педагогтар

Бұл бағдарлама негізінен денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен сияқты салалар бойынша жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырумен айналысатын Ұлттық экономика министрлігінің ақпаратына сүйенсек, «Дипломмен – ауылға!» жобасын іске асыру кезеңінде (2009 жылдан бастап 2018 жылға дейін) 60 мыңнан астам маман 7,4 млрд теңге сомасында көтерме жәрдемақы алса, 27,5 мыңнан астам маман тұрғын үй сатып алу үшін 70,6 млрд теңге сомасында бюджеттік кредит алыпты.

Осы жоба аясында ауылдық жерлерге жұмысқа тұрған маманға мемлекет тарапынан көтермеақы мен баспана алуға жеңілдетілген несие ұсынылады. Яғни, тек 70 айлық есептік көрсеткішке тең сомада бір-жолғы көтерме жәрдемақы және қажеттілігіне қарай тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 1500 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 пайыз мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шарттарын алу мүмкіндігі бар. Әлеуметтік көмек алған маман ауылды елді мекенде кемі үш жыл жұмыс істеуге міндетті.

Осы уақыт ішінде бағдарламаның игілігін көргендердің көш басында білім саласының қызметкерлері тұр. 10 жылда 42 745 педагог дипломмен ауылға аттаныпты, бұл бағдарламамен жұмысқа орналасқан барлық сала мамандарының 71,2 пайызын құрайды. Қалған сала қызметкерлерінің үлесі 13 пайыздан аспайды. Сондықтан білім беру қызметкерлері осы бағдарламаның өзегі деуге болады. Бірақ сарапшылардың сөзіне сенсек, дипломмен ауылға барған мамандардың ішінде көбіне-көп қалаға қайтадан қайтып кететіндер де – педагогтар. Мұның себебін «Ақпараттық-талдау орталығы» департаменті директорының орынбасары

Жаннат Мусина бағдарламаға жауапты мекеме мен маман арасында тұрақты қарым-қатынастың жоқтығымен байланыстырады. Оның айтуынша, жас мамандардың көбі екі жыл-дай жұмыс істеп, жаңа болашақ іздеу үшін қалаға қайтатыны жаңалық емес. Дені оқу жүктемесінің және тұрғын үйдің болмауына байланысты кетіп қалады.

Қазіргі таңда республикамызда, педагогикалық қызмет пен оның мамандарының мәртебесі мәселесі ақырындап жолға қойылуда. Соңында қаржы мәселесіне келіп тіреліп жатады. Қызмет ауыр, жалақысы төменірек болғандықтан, көптеген білікті, әлеуеті жоғары мамандар, басқа табысты салаға ауысып жатады. Ал, педагогикалық қызметте көбінесе, білім деңгейі төменірек, сырттай оқыған немесе ЖОО орнын оқымаған, жеткілікті дәрежеде біліктілігі жоқ, және ең қиыны педагогикалық қызметте жақсы көргендіктен емес амалдың жоғынан жүрген мамандар қалып жатады. Мектеп бітіргенде де, жақсы оқыған оқушылар көбінесе, қоғамда табысы мол мамандыққа қызығып түседі. Мүмкіндігі аз, орташа оқыған оқушылар, көбіне, педагогикалық қызмет саласына, грант болғандықтан амалсыз түсіп жатады. Бұл, анығында, педагогикалық қызметкерлер әлеуетінің әлсіреуіне алып келеді. Бұл мәселе, педагог қызметкердің жалақысын, мәртебесін көтерер болса ғана шешілері анық.

Анығында, педагогикалық қызмет саласы өте қызықты әрі дамуға мол мүмкіндігі бар сала. Педагог қызметкер, білім басты капитал болған мемлекетте мәртебелі маман болмақ. ХХІ ғасыр, білім ғасыры болғандықтан, педагог қызметкерлердің дәурені келді дегенді ның сеніммен айта аламыз. Өзім, педагог қызметкер саласын таңдағанымға қуанамын! Білікті педагог қызметкер қашан да өз орнын анық тауып, қалаулы, қадірлі маман болады!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысы
2. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI ҚРЗ..
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 181 бұйрығы.
4. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы
5. Мұғалімдерге жалақы төлеудің заңдылығы. <https://45minut.biz/?p=121337>